

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2020)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ 14213-Ж

выдано

Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области
лингвистики и языкознания

Подписной индекс – 76132

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анэсова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/ATDD5818>

Б. С. Бегманова

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

И. ОРАЗБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АБАЙ ДӘСТҮРІ

Мақалада қазақ поэзиясында өзіндік ерекше үнімен, өзіндік қолтаңбасымен дараланып көрінен, өлеңсүйер оқырман қауымының көңілінен ерекше орын алған белгілі ақын Иранбек Оразбаевтың Абай үлгісіндегі жырлары талданады.

Қазақ әдебиетіндегі реалистік әдеби дәстүрдің басында ұлы ақын Абай тұрды. Бұл заңды да. Өйткені өз дәуірінің рухани жүзін арқалау міндеті Абай сынды алып тұлғалардың ғана қолынан келер іс еді. Ол өзінің сан қырлы шығармашылығы арқылы қазақ әдебиетінде бүтіндей жаңа дәстүр, әдеби мектеп қалыптастырды. Ұлттық әдебиеттің бұдан кейінгі даму процесін тікелей осы дәстүрдің заңды жалғасы деп білеміз.

Қазақ поэзиясында Абай жырларымен сусындап, Абай поэзиясынан дәріс алмаған, Абай үлгісімен өлең жазбаған ақын кемде кем. Жыр әлеміне қадам басқан басқа да ақындар секілді Иранбек Оразбаев та Абай поэзиясының әлеуметтік тағдыры, халықтық сипатынан ғана емес, сонымен бірге көркемдік қырларынан, ақындық айшықтарынан, суреткерлік шеберлігінен де мол тағылым алды. Ол өзінің көптеген шығармаларын Абайдың жаңашыл поэзиясының өлшем, ұйқас түрлерімен жазды. Абай поэзиясының рухын бойына мол сіңіруі Иран-Файыптың өзінің де жаңашыл ақын болуына бөгет жасаған жоқ. Бұл үйрену қайта оның бойындағы зор ақындық қуатты ашты, оны көркемдік ізденістердің соны соқпақтарына салды.

Кілтті сөздер: Поэзия, лирика, дәстүр жалғастығы, әдебиеттану, өлең құрылысы.

Кіріспе

XX ғасырдың екінші жартысында поэзия көкжиегінде өзіндік жырларымен, поэзиядағы өзіндік қолтаңбасымен ерекше танылған ақындардың бірі, бірегейі Иранбек Оразбаев. Өзіне дейінгі басқа қаламгерлер секілді Иранбек Оразбаев үшін де Абайдың жырлары үлкен мектеп болды. Қазақ поэзиясында Абайды оқымаған, Абай жырларынан сусындамаған,

Абай лирикасынан үлгі алмаған ақын кемде кем. Өткен ғасырдың екінші жартысында жыр әлеміне қадам басқан Иранбек Оразбаев та Абайды өзіне үлгі тұтты. Абай дәстүрін жалғастырушының бірі – Иранбек (Иран-Ғайып) Оразбаев – ең алдымен лирик ақын. Оның лирикасы – көркемдік бояуы қанық, тақырыптық ауқымы кең, идеялық нысанасы биік лирика. «Поэзия қай дәуірде де, қай заманда да адам көңіл күйінің буырқанған, босансыған, қайрат шақырған, қамыққан, қайтадан рухтанған, өмірлік мұраттарға ұмтылған сәттерінің бәрінің де көркем шежіресі, бейнелі суреті, мың құбылған әуені. Өлеңнің бір тармағында, яки бір шумағында ел тағдырына қатысты қара сөзбен айтып жеткізе алмайтын қуатты ойлар бас құрайтыны содан» [1, 286 б.]. Абайдың реализміне тән белгілер Иранбек Оразбаевтың лирикасынан мол ұшырасып отырады. Сонымен қатар Иранбек Абай дәстүрін өзіндік өрнек-бояумен байытқан жаңашыл ақын болды. Ол өз шығармашылығында қазақ поэзиясының ішкі мүмкіншіліктерін аша, кеңейте отырып, оны мазмұн жағынан да, түр жағынан да жаңашыл ізденістермен байыта түсті. Негізінен алғанда оның поэзиясы – өз дәуірінің талабынан туған әрі сол дәуірдің шындығын бейнелеген көркем шежіре. Иран-Ғайып – Абай дәстүрлерінің лайықты мұрагері, Абай негізін салған және сыншыл реализм арнасында дамытқан қазіргі қазақ әдебиетінің ең ірі, айтулы өкілдерінің бірі.

Зерттеудің нысаны: Қазіргі қазақ поэзиясы.

Зерттеудің пәні: қазіргі қазақ әдебиеті.

Мақсаты: Қазіргі қазақ әдебиетінің өсу жолдарын, даму ерекшеліктерін жан-жақты пайымдаған еліміздің егеменді алуына орай ашылған мүмкіндіктер, қалыптасқан жаңа көзқарас тұрғысынан, ғылымның бүгінгі жетістіктеріне сүйене отырып, тарихи салыстырмалы, тарихи процесті шөла сипаттау, көркемдік, әдеби-теориялық талдау мен жинақтау, тарихи-жүйелеу әдістерін қолдана отырып саралау.

Міндеттері:

– XX ғасырдың соңы мен XXI ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі поэзиядағы жаңа ізденістерді зерделеу;

– Поэзиядағы идеялық-көркемдік ерекшеліктер мен лириканың даму бағытына талдау жасау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі. Мақаланы жазу барысында әдеби талдау, жинақтау, жүйелеу, салыстыра зерттеу, тарихи салыстырмалы әдістер қолданылды.

Халық бейнесі – Иранбек лирикасындағы тұлғалы бейне. Ақын И. Оразбаев лирикасы ұлы Абай дәстүрімен сабақтас, үндес. А. Нұрқатов: «Абай өлеңдерінен халық өмірінің кең көріністерін ғана байқап қоймаймыз. Сонымен қатар оның арманы мен үмітін танимыз, қайрат пен жігерге, ашу-ызаға, қасиетті мұңға толы үнін есітеміз» [2, 40 б.]. Бұл пікірдің Иранбек

лирикасына да тікелей қатысы бар. Өйткені Иранбектің қай өлеңінде болсын елінің тұрмысы, болашағы жайлы сан алуан сырлар, азаматтық, перзенттік үн естіліп жатады. Ең алдымен, ақын өзінің халық өмірінің арашасы болуға тиіс екенін түсінді. Абай тәрізді қарапайым халық арасында өмір сүрген Иранбек көпшілікті өзінің ақыл-кеңесімен жұртшылық санасында сіресіп қатып қалған рулық түсініктердің тамырын шірітіп, халықтың бойындағы адамдық ар-намысты оятуға күш салды.

Иранбек Оразбаевтың «Жыр әлемі» атты жыр жинағының қай бетін ашып қарасаңыз да адам мұңын, заман сұрын айна-қатесіз көріп отырғандай сезімде боласыз. Кітаптың өне бойына қан тамырларындай үйлесімділікпен таралған тараулардың кенересін кеңітіп, тепкіленіп, тепкілеп жатқан ыстық уыт лажсыз ойландырады, тұңғыққа батырады, торықтырады, толғандырады. Он тоғызыншы ғасырдың аяғындағы Абай өлеңдеріндегі ащы зардың жиырмасыншы ғасырдың аяғына қайысша созылып қалай жеткеніне таңқаласыз.

Иранбек Оразбаев Абай поэзиясының әлеуметтік тағдыры, халықтық сипатынан ғана емес, сонымен бірге көркемдік қырларынан, ақындық айшықтарынан, суреткерлік шеберлігінен де мол тағылым алды. Ол өзінің көптеген шығармаларын Абайдың жаңашыл поэзиясының өлшем, ұйқас түрлерімен жазды.

Абай поэзиясының рухын бойына мол сіңіруі Иран-Ғайыптың өзінің де жаңашыл ақын болуына бөгет жасаған жоқ. Бұл үйрену қайта оның бойындағы зор ақындық қуатты ашты, оны көркемдік ізденістердің соны соқпақтарына салды.

И. Оразбаев та өзінің өлеңдерінде өмір шындығын, айналасында болып жатқан әділетсіздіктерді ащы тілімен, аһ ұрып айтып отырды. «Ішінде – Адам аласы» деп басталатын өлеңінде ақын өз заманының шындығын былай бейнелейді:

Ішінде – Адам аласы,
Сырттай қасірет шегемін.
Осы болар, шамасы,
Ақызаман дегенің.

Құр өкпе артпа халыққа,
Хал-жағдайын ұғып, біл?!
Қоғамның кең артына
Қайғы қолын сұғып тұр.

Бар емес пе құдайы,
Қазақ – азап күңі ме?!
Жетіп тынды, сыңайы,

Алауыздық түбіме!
Аш күйімде толғаймын,
Күннің нұры – көр демі.
Табиғатымды жоқтаймын,
Ділім-тілім өлгелі [3].

Иран-Ғайып өмір кешкен дәуірінің бейнесін Абай үрдісімен беріп қана қойған жоқ, сонымен бірге өзінің де қайталанбас автопортретін жасады. «Лирикалық қаһарман, лирикалық кейіпкер, лирикалық тұлға деп жүргеніміздің өзі ақын атынан айтылатын «Менге» ұласып, оқырман жүрегінің өзіндік «меніне», яғни, тағдырына, тыныс-тіршілігіне айналды [4, 11 б.].

Абай, сөз жоқ, арғы-бергі әдеби тарихымызда бұрын-соңды болмаған ұлы мектеп, қайталанбас ғажап құбылыс. Оның бүкіл творчествосын былай қойғанда, әр өлеңінің өзі іргелі дүние, ірі оқиға. Әр сөзі, әр жолы жаңалық! Бірақ осыған қарап, оны өзіне дейінгі бұрынғы ақын-жыраулардың бай тәжірибелерінсіз, тағылым-тәлімдерінсіз тақыр жерге тамыр салып өсті десек, онда біз қатты қателескен болар едік. Ол, керісінше, өзіне дейін жасалынған халқымыздың бойындағы рухани байлықпен мейірі қанғанша сусындап, оны жетілдіріп, қайта қорытып барып, жаңа әдеби әлемді өмірге әкелді. Ол, ең алдымен, өзіне дейінгі ақын-жыраулардан халыққа қызмет ету, халықтың үні болу, қоғамдық, әлеуметтік мәнін ашып көрсету, күрескерлік сияқты басты-басты мәселелерді мирас етті. Сөйтіп, ол өлеңнің қастерлі қасиетін, ең басты қасиетін ұстанып қалды. Дәстүр жалғастығы дегеніміз, міне, осы! Әрине, ол әрбір материал қарсылығын немесе тақырып қарсылығын өзінше жеңді, өзінше балқытты. Содан барып, бұрын болып көрмеген ішкі мазмұны, тұнба байлығынан бастап, сыртқы тұлға бітіміне дейін ерек өлеңдер дүниеге келді. Дегенмен, сол мүлде жаңа, мүлде ерек кесек дүниелерді пайыммен парактап, байыппен бағдарласақ, олардың ішінен құлағымызға сонау-сонау ғасыр қиырында қалған ақын-жыраулардың үні мен сазы, мақамы мен сарыны талып болсын естіліп жатады.

И. Оразбаев – өлеңдерінің бастауы – ойлылық. Сондықтан лирикалық толғаныстарының тұнығы жәй әуен емес, симфониямен тектес жатыр. Бұл жағынан ол жанрды кемелдендіріп отыр. Бұл жаңалықты көбіміз қабылдай қоймаймыз. Қиын түсінілетініне маңдай соғамыз. Басы ашық жәй – Оразбаев поэзиясы кездейсоқтықтан аман, жалған-жасандылықтан ада дүние. Дәстүрі – халықтық дәстүр. Ол үнемі уақыттың жалауымен жана да бермейді. Өнердің табиғи заңдылықтарын мұрындық ете отырып, уақыт таңбасын салуға тайталасатын кездері көп болады. Сондықтан И. Оразбаевтың өзіндік стилі қалыптасқан ақын. Бұл жағынан талғампаздық, нәрлілік И. Оразбаев өлеңдерінің негізгі үрдісі. Халқымыздың «Қауіп айтпа, тауып айт» деген даналық сөзін еске алатын болсақ, әсіресе, поэзияға тауып айту қажет-ақ. Дегенде де, көркемөнердің, оның ішінде көркемсөздің астарлы мағынасы, құбылмалы әсері – халықтық

тілдік жанрдың зор поэтикалық мүмкіндігі үнемі оған сия да бермейді.

Иранбек ұлы Абай поэзиясынан нәр ала отырып, Жарасқан Әбдірашев, Кеңшілік Мырзабеков, Жұматай Жақыпбаев, Темірхан Медетбек, Нұрлан Оразалин, Исраил Сапарбай тәрізді замандастарымен бірге ұлы ұстаз дәстүрін ілгері дамытты.

Сұлу сөзді өлең жолында қолданғанда оның мағынасын эстетикалық талғаммен зерделеу, әр сөздің салмағын байыптау ақынның шеберлік талантын танытса керек. Академик З. Ахметов: «Поэзиядағы, өлең-жырлардағы бейнелі, өрнекті сөздер әлде қандай бір ерекше сұлулап сөйлеуге әуестіктен емес, эстетикалық сезімнен, образды, бейнелі ойдан, дүниені ақынша, суреткерше қабылдаудан туады. Өлеңге, өлеңмен жазылған шығармадағы әрбір суретке, әрбір сөзге поэзиялық сәулет, поэзиялық нәр, көрік беретін нәрсе – ақындық ой-сезімнің тереңдігі мен көркемдігі. Өлең сөз кестесіндегі, поэзия тіліндегі көп ерекшеліктерді дұрыс түсіну үшін, ақындық ойдың көркем ойдың өзгешелігін, дүниені эстетикалық жағынан қабылдап-танудың өзгешелігін жақсы ұғу шарт» [5, 7 б.], – деп өлең өрнегін түсінудегі шарттарды атап көрсетеді. Бұл шарттың ақын ұсанымы болғанына өлеңдері дәлел.

Шын мәнінде ұлы Абай мен Иранбек Оразбаев арасындағы қаламгерлік тамырластық аса терең. Ол заманының келелі мәселелерін, қоғамдық шындықты қозғауда Абай тәрізді ерекше қуат танытқан.

Қаламгерлік кемелденуінің барысында Иранбектің ендігі бір көтерген идеясы – адам мен қоғам арасындағы байланыс. Оның лирикасында қазіргі қоғамның шынайы образы сомдалған. Әдетте қоғам өмірі қандай ақынды болсын ұдайы толғандыратын, оның шығармашылық табиғатын айқындайтын мәңгілік маңызы бар тақырып болып келеді. Академик жазушы С. Мұқановтың тілімен айтқанда: «Ақынды өсіретін жағдай – қоғам тіршілігі. Оның ой-пікірінің қазығы – сол тіршілік. Қоғамдық ойдың өресі мен екпіні каншалықты күшті болса, ақын ойы биік деңгейден табылмақ» [6, 15 б.].

Түптеп келгенде, адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынас жайындағы жаңа тұжырымды қазақ топырағына ең алғаш сіңірген Абай еді. «Абай адамды белгілі қоғамдық өмірдің жемісі, нәтижесі ретінде қарады, оның қимыл-әрекетін, психологиясын, моральдық келбетін өмірге, әлеуметтік тұрмысқа байланысты көріп, бағалап бейнеледі» [7, 116 б.].

Иранбек Оразбаев болса, бұл тұжырымды өзіндік ерекшеліктермен байытып, жалғастырып әкетті. Ол қандай кейіпкерінің бейнесін сомдаса да оның бойындағы жақсылық-жаманды қасиеттердің тамырының қоғам өмірінде жатқанын сездіріп отырады. Өз ана тілін білмейтін мақұрым ұрпақтарды, қыздан ұят, ұлдан намыс кеткенін, еркегінің ез, қатынының би болғанын, заман азғанын нали жырлайды. Себебі «Ақын ойы – көптің ойы, ақын сөзі көптің сөзі. Оның өз ойым деп айтқаны жалпы жұрттың көкейінен шықса, ақын

мұратының ақталғаны» [8, 128 б.]. Иранбек Оразбаевтың сыншыл реализмі, ең алдымен, өз қоғамындағы осындай кеселдерді өткір сынаған өлеңдерінен көрінеді. Ол қазақ қоғамының кемшіліктерін жай ғана сынаумен қанағаттанған жоқ. Ең алдымен сол кеселдердің әлеуметтік тамырын, объективті, субъективті себептерін саралауға, сол арқылы елді басқарып отырған шенеуліктердің іс-әрекетін, бет-пердесін ашып, ұлы ащы тілімен жасқанбай айтып отырды.

Бұл бағытта да оның шығармашылығынан Абайдың реалистік дәстүрінің ізі айқын аңғарылады.

Жүрек дірдек қағады,
Тұсқа тап боп ең жаман –
Дөйді гөйге соғады,
Шен қуынған шер заман.

Тікенектей сатады,
Бар жақының – жоқ сана –
Арын қоса сатады,
Атақ пенен ақшаға.

– деп Иран-Ғайып осынау қоғамдық мерездің шексіз зияндылығын меңзейді.

Жан шошынып шарқыңа,
Бағың бармақ тістейді –
Түсесің тез қалпыңа,
Дүние тақтан түспейді» [3, 6 б.].

– деп бұл дәуірдің шындық өмірін көз алдыға елестетеді.

Иранбектің Абай туралы жазған өлеңдерінің өзі бір төбе.

Бір туатын ғасырда... рабайда,
Мен ешкімді теңемен ұлы Абайға.
Тұрғызбасак бәріміз бір «Абайды»,
Поэзия шаңырағы құламай ма?!» [6, 116 б.].

– дейді ақын. Міне, көріп отырғанымыздай, шынында, ғасырында бір туылатын осындай ірі тұлғаны құрметтемеске, атын аспанға көтермеске шара жоқ. Елін, жерін, халқын сүйетін, солардың мұң-мұқтажын сөйлейтін осындай алып тұлғалардың қазақта туылғанына мақтаныш етесің.

Шаң қаптым көшіңе ұлы ілесем деп,
Түтіктім түрленсем деп, түлесем деп.
Қалам тартқан қазақтың бәрі мықты,
Майрылдым мықтылырмен тіресем деп» [3, 33 б.].

– деп ақын Иранбек Оразбаев ұлы Абайға мұңын шағады. «Мыңмен жалғыз алыссаң, менімен күллі қазақ алысып жүр» – деп заманының кертартпа, сөзге түсінбейтін тоңмойындарына деген ызасын осылай көрсетеді.

Өңінде де көретіні – Ұлы Абай,
Түсінде де көретіні – Ұлы Абай.
Ұлағаттап үлкен менен кішіге,
Жылап, жырлай беретіні – Ұлы Абай.
...Теңізге түсіп Тағдыры мен Таланы,
Өзі дағы Абайға ұқсап барады!.. [3, 33 б.].

– деп Иранбек Абайдың ұлылығын асқақтатады.

Абай әлемі – аспан әлемі. Ол әлем – күні көтеріліп, ол көкжиекке қайта батып, тұнжыраған түн басып, айы жылжып, жұлдызы жарқырап, ызғар лебі ұрып, күркіреген бұлты көшіп, көзге түртсе көргісіз тұман басып, күрсінген жел уілдеп жатқан әлем. Ол – сан қилы, сапырылысқан құбылыстан тұрады. Белгілі орыс сыншысы Н. А. Добролюбов: «Автордың не айтқысы келгені емес, қайта әдейілеп болмаса да өмір фактыларын дұрыс суреттеудің нәтижесінде не айта алғандығы біз үшін маңыздырақ. Біздің әрбір талантты шығарманы соншалықты қадірлейтін себебіміз – біз мұндай шығармадан өміріміздің фактыларын айқын зерттей аламыз, мұндай шығарма болмаса ол өмір жай адамдардың көзіне оншалықты шалына бермейді» [9, 4 б.] – дейді.

Қорытынды

Жалпы алғанда, Абайдың дәстүрімен сусынданған Иранбек өзінің көлемді де көркем мұрасын дүниеге әкелу барысында қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік орны бар көрнекті ақын дәрежесіне көтерілді. Оның бүкіл шығармашылығынан Абай іргетасын қалаған реалистік әдеби дәстүрдің ізі сезіліп жатады. Сонымен қатар Иранбек Оразбаев – жаңашыл ақын. Өзіне тән жаңашылдығы арқылы ол қазіргі қазақ поэзиясын жаңа сапалық сатыға көтерді. «Ақын – заман перзенті. Олай болса, ақын дауысы заман дүбірімен үндес, заман көңілімен сырлас болуға тиіс. Заманның сағат сайын қояр зауалына берер жауабы даяр болу керек. Бұл қалам қайраткерлерінен сезімталдықты, сергектікті талап етіп отырады. Сондықтан ақын уақыттың қатал талабының үнемі үдесінен шығып отыруы шарт» [10, 6 б.]. Қорыта айтқанда, Иранбек Оразбаевты Абай дәстүрінің мұрагері деп айтуға толық негіз бар.

Пайдаланған деректер тізімі

1 Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 10-том. – Алматы : ҚазАқпарат. 2006. – 528 б.

2 **Нұрқатов, А.** «Абайдың ақындық дәстүрі». – Алматы : Жазушы. 1966. – 265 б.

3 **Оразбаев, И.** Жыр әлемі. Өлеңдер жинағы. – Алматы : Жалын. 1989. – 156 б.

- 4 **Сариев, Ш.** Қазақ лирикасы: көркемдік ізденістер және ұлт тәуелсіздігі. – Алматы : Тау-Самал баспасы, 2012. – 336 б.
- 5 **Ахметов, З.** Өлең сөздің теориясы. – Алматы : Мектеп, 1973. – 211 б.
- 6 **Мұқанов, С.** Абай тағылымы. – Алматы: Жазушы, 1986.
- 7 **Жұмалиев, Қ.** XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1967.
- 8 Токбергенов, Т. **Ай мүйіз.** – Алматы: **Жалын, 1990.** – 336 б.
- 9 **Добролюбов, Н. А.** Әдебиет туралы сын мақалалар. – Алматы : ҚМКӘБ, 1955. – 146 б.
- 10 **Юсупов, Қ.** Жыр жиһазы. – Алматы : Рауан, 1995. – 120 б.

References

- 1 Qazaq ádebiетiniń tarihy. On tomdyq. [The history of the Kazakh literature. In ten volumes]. V. 10. Almaty, Kazinform. 2006. – 528 p.
- 2 **Nurqatov, A.** Abadyń aqyndyq dástúri. [Nurkatov A. The Poetic tradition of Abay]. – Almaty : Writer. 1966. – 265 p.
- 3 **Orazbaev, I.** Jyr álemi. Óleńder jınaǵy. [Orazbaev I. The World of poetry. Collection of poems]. – Almaty : Flame. 1989. – 156 p.
- 4 **Sariev, Sh.** Qazaq lirikasy: kórkemdik izdenister jáne ult táyelsizdigi. [Sariev Sh. Kazakh lyrics: artistic search and national independence]. – Almaty : Tau-Samal Publishing house, 2012. – 336 p.
- 5 **Ahmetov, Z.** Óleń sózdiń teoriasy. [Akhmetov Z. Theory of poetic art]. – Almaty : School6 1973. – 211 p.]
- 6 **Muqanov, S.** Abai taǵlymy. [Mukanov S. Lessons of Abai]. – Almaty: Writer, 1986.
- 7 **Jumaliev, Q.** XVIII–XIX ǵasyrlardaǵy qazaq ádebieti. [Zhumaliyev K. Kazakh literature XVIII–XIX centuries]. – Almaty, 1967.
- 8 **Toqbergenov, T.** Aı múiiz. [Tokbergenov T. Moon Horn]. – Almaty : Zhalyń, 1990. – 336 p.
- 9 **Dobrolúbov, N. A.** Ádebiет týraly syn maqalalar. [Dobrolyubov N. A. Critical articles about literature]. – Almaty : KSPHF, 1955. – 146 p.
- 10 **Iýsýpov, Q.** Jyr jihazy. [Yusupov K. Zhyr furniture]. – Almaty : Rauan, 1995. – 120 p.

Материал баспаға 10.12.20 түсті.

Б. С. Бегманова

Традиция Абая в поэзии И. Оразбаева

Казахский национальный женский педагогический университет,
Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 10.12.20.

B. S. Begmanova

Abai tradition in the poetry of I. Orazbaev

Kazakh National Women's Teacher Training University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.
Material received on 10.06.20.

В статье анализируются стихи известного поэта Иранбека Оразбаева, написанные в стиле Абая. Оразбаев обладает уникальным авторским своеобразием, уникальным пением и личными автографами в казахской поэзии.

В вершине реалистичной литературной традиции в казахской литературе стоит великий поэт Абай. Это закономерно. Потому что обязанность сохранить духовное бремя своей эпохи было возможно только великим поэтом Абая. Благодаря своему многогранному творчеству он создал в казахской литературе целостную новую традицию, литературную школу. Мы считаем, что процесс дальнейшего развития национальной литературы является закономерным продолжением этой традиции.

Поэт, который не читал стихи Абая, не изучал поэзию Абая и не сочинял стихи в стиле Абая, встречался очень редко. Как и другие поэты, идущие в мир поэзии, Иранбек Оразбаев также получил огромный урок не только из социальной структуры поэзии Абая, но также из художественных аспектов, поэтических композиций и его художественных навыков. Многие его произведения по размерам и рифмам были написаны в стиле Абая. Изобилие поэзии Абая не помешало Оразбаеву стать поэтом-новатором. Это исследование раскрыло ее великую поэтическую силу и поставило ее на путь художественных занятий. Это – урок вновь открыл у него огромную поэтическую мощь, заложив ее в оригинальные тропы художественных изысканий.

Ключевые слова: поэзия, лирика, преемственность традиций, литературоведение, структура поэзии.

The article analyzes the poems of the famous Kazakh poet Iranbek Orazbayev, written in the style of Abai. Orazbaev has a unique author's originality, unique singing and personal autographs in Kazakh poetry.

At the top of the realistic literary tradition in Kazakh literature stands the great poet Abai. It is as it should be. Because the duty to preserve the spiritual burden of his era was possible only by the great poet Abai. Thanks to his many-sided creativity, he created an integral new tradition in the

Kazakh literature, a literary school. We believe that the process of further development of national literature is a logical continuation of this tradition.

Very rarely we meet poet who did not read Abai's poems, did not study Abai's poetry and did not compose poems in the style of Abai. Like other poets going into the world of poetry, Iranbek Orazbayev also learned a huge lesson not only from the social structure of Abai's poetry, but also from the artistic aspects, poetic compositions and his artistic skills. Many of his works in size and rhyme were written in the style of Abai. The abundance of Abai's poetry did not stop Orazbayev from becoming an innovative poet. This study revealed his great poetic power and put his on the path of artistic pursuits. This lesson again revealed his tremendous poetic power, laying it in the original paths of artistic research.

Keywords: poetry, lyrics, the continuity of traditions, literary criticism, the structure of poetry.

Теруге 10.12.2020 ж. жіберілді. Басуға 15.12.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,22 Мб RAM

Шартты баспа табағы 22,7. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3699

Сдано в набор 12.12.2020 г. Подписано в печать 15.12.2020 г.

Электронное издание

2,22 Мб RAM

Усл. печ. л. 22,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3699

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz